



## ҚАРИЯНЫҢ ОРНЫ – ТӨР

Ұлтымыздың барша қасиеті ең алдымен үлкенді құрметтеуден басталады. Ес біліп, етек жапқалы үлкендердің алдын кесіп өтпеуді, сөзін бөлмеуді, үлкендерден бұрын асқа қол созбауды ұғынып өстік. Дәл осы өнеге біздің қанымызға сіңген қасиет, бойымызға нәр болып тараған, сүйекпен бірге біткен ұлағат.

Біздің үлкендер таңнан кешке дейін құлағымызды кеміріп насихат айтпайтын, мораль оқымайтын, олай етуге тіпті, уақыты да жоқ еді. Бірақ олар арнайы насихаттап, уағыз жасамай-ақ ұрпағына тәлім-тәрбиені іс-әрекетімен көрсетіп, өзара қарым-қатынастағы биік мәдениетімен, бір-біріне деген үлкен құрметімен, сырт көз сүйсінерлік сыйластығымен там-тұмдап, бойымызға дарытып отырған екен. Біздер үлкендердің ыммен, иек қағысып, түсінісіп отырғанын көріп өстік. Қазақ қарияларының бір-біріне дауыс көтермей, зілсіз қалжыңдасатынын аңғаратынбыз.

Иман тазалығын тарқатар болсақ, ұстанған дінімізде үлкенді құрметтеу – Алланы ұлықтаудың бір түрі саналады. Пайғамбар (с.а.с.) хадисінде: «Ақ шашты, ақ сақалды мұсылман қарияны ізет тұту – Алланы ұлықтаудың бір түрі», – делінген.

Қазақ қарияларының әлмисақтан орны – төр. Төр дегенге қазақты мән беретін ұлт жоқ, немересімен қатар отыра кететін, келіні мен атасы қатар отырып, қалжың айтысатын ерсіліктерді өзге жұрттан аңдап келеміз. Ертеректе қариялар төрге жайғасқанда, оң жақта – қыздары, сол жақта – ұлдары, одан төменірек келіндері орналасқанда, оларға жасалатын сый-құрмет те осы ретпен көрсетілетініне көзіміз қанығып өсті. Қариялар сөйлеп отырғанда, өзгелері тыңдаушы болып, сілтідей тынып отыратын. Міне, осылайша ұлтымыздың биік мәдениеті – қара шаңырақтан, аппақ пейілді ақ дастарқаннан бастау алып, өрбіп жататын.

### Үлкенге құрмет, кішіге ізет


Би-шешендердің биік орны елдік мәселелер тұсында айқындалады, ал, жалпы ел ішіндегі, ауыл арасындағы не шаңырақтағы дау-дамайды шешетін қариялар болған.

(Жалғасы 6-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ТАЛҚЫДА – «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТУРАЛЫ» ЗАҢ



Қазақстанда жасанды интеллект туралы заң қабылданбақ. Бұл – еліміздің цифрландыруға қадам басқанын айқындайтын тарихи шешім. Мәжіліс төрағасының айтуынша, заңның дайындалуы Қазақстанды жаппай цифрландыруға көмектеседі.

## ШАРА

# СПАРТАКИАДА РУХТЫ КӨТЕРДІ

Шымкентте Қазақстан Республикасы судьяларының XI республикалық спартакиадасы өтті. Бұл күндері Оңтүстік мегаполис сот корпусының атынан еліміздің түкпір-түкпірінен келген 20 командаға күнгей өңіріне тән жылылық, қонақжайлылық және ақжарқын пейілін танытты. Қазақстан Республикасы Судьялар одағының орталық кеңесі ұйымдастырған бұл дәстүрлі турнир заң мен әділеттілікті ұстанатын барша жандардың бірлігінің, ұжымдық рухтың, салауатты өмір салтын ұстанудың символына айналған.

Спартакиада екі кезеңде өтті. Бірінші кезеңде өңірлер арасындағы аймақтық іріктеу жарыстары болып, онда жеңіс тұғырынан көрінгендер келесі кезеңде жарысқа түсті.

Қатысушылар спорттың тоғыз түрінен сайысқа түсті. Жарыс бағдарламасында классикалық спорт түрлері де (волейбол, шағын футбол, үстел теннисі, теннис) және зияткерлік күш пен зейінді қажет ететін матчтар (шахмат, дойбы, бильярд), сондай-ақ ұлттық спорт түрлері – тоғыз құмалақ пен арқан тарту да қамтылған. Бұл қатысушыларға тек дене күшін, ептілік пен жылдамдықты ғана емес, мінсіз судья болмысын айқындай-

тын қасиеттер – интеллектуалдық қабілет, стратегиялық ойлау және эмоционалды жігерін ашуға мүмкіндік берді.

XI Республикалық спартакиаданың қорытынды кезеңінің ашылу салтанатына Шымкент қаласының әкімі Ф.Сыздықбеков, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы Н.Шәріпов, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы Д.Әмір, облыстық және оған теңестірілген соттар мен ведомстволардың төрағалары, Шымкент қалалық сотының судьялары қатысты.

(Жалғасы 4-бетте)



3-бет



Маңғыстау өңірінің туристік әлеуеті жоғары

5-бет



Мухидин ТОХТАХУНОВ,  
отставкадағы судья:

«Сот – эмоцияның жетегінде кететін орын емес»

8-бет



Түн сақтаған құпия

1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІ

# ҚАРИЯНЫҢ ОРНЫ – ТӨР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олар жасаған ақсақалдық уәжға ауыл боп, ел боп тоқтаған. Осы тұрғыдан келгенде, көзім көрген үлкендер өнегесін сөз қыла кетсем, өзімшілдігім болмас. Әрине, мысалды алыстан емес, өз айналаңнан іздейсің.



құрбан етті. Осы кісілердің қайсар рухына, ауыр сынақтарға сынбағанына таң қаласың. Аға буын адам төзгісіз азапты шеге жүріп, ұлқызына қамқор атана бола білді, сөйтіп

сіңген. Өйткені, фольклор қазақта әуелде ғылым болып оқытылмаған, ауызша таралып дамыған. Ауыз әдебиеті аталып кетуі де осыдан. Данышпан Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» – дегенінің мағынасы өте терең, бұл қазақ баласының бар өмірі, яғни, шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, өмірден өткенінше өлең-жырмен өріліп отыратынын меңзеген. Қазақ баласының қолына әлмисақтан ешкім оқулық беріп оқытқан жоқ, олар бесік жырымен көзін тырнап ашса, ес білгеннен жұмбақ, жаңылтпаш жаттап, үлкендердің аңыз, ертегілерін тыңдап өсті.

Ешқандай балабақша, мектеп

*Ұлтымыздың ұлағат мектептерінің тағылымыды ұстаздары - ауылдың үлкені, қадірменді қариялары. Ауыл ақсақалы, қариясы жастарға жөн сілтеп, ақыл айтып жатса, ұрсып, сөгіп жатса ол ерсі емес заңдылықтай қабылданатын. Міне, халықтық педагогиканың, ұлттық тәлім-тәрбиенің басымдығын осы тұстан аңдаймыз.*

Біздің әке-шешеміз бен олардың замандастары берекелі, ырысы тасыған заманның өкілдері дей алмаймыз. Олар нағыз кеңестік дәуірдің қылышынан қан тамып тұрған сойқан кезеңде өмір сүрді; балалық шақтары аштық, репрессия, соғыс секілді аласапыран кездерде өтті. Қарны тойып ас ішпесе де, иіні бүтін киім кимесе де олар рухын жоғалтпады, тәрбие мен тәлімін ақсатпады, салт-санасынан қол үзбеді. Ұрпағы үшін ғазиз жанын құрбан еткен асылдарымыз әр сәтіне мың шүкірлік айтып, тәубасынан жаңылмады.

Әкеміз осы күнгі өзіміздің жасымыздан ертерек өмірден өткенде, анамыз небары отыз төртте екен. Бірақ алды оннан енді асқан шиедей тоғыз баламен жесірлік көрсе де қиындыққа мойымады. Тоғыз баланы асырап, бағу үшін бірнеше жұмысты қабат атқарды, мал да бақты, балшық та иледі, қора да соқты, еден де жуды. Бар жастығын, бар қызығын ұрпағының жолына

жүріп ұлттық қадір-қасиетімізді, құндылығымызды сақтап, таныта білді.

## Ақсақалдар – ұлт ұстазы

Ұлтымыздың ұлағат мектептерінің тағылымды ұстаздары – ауылдың үлкені, қадірменді қариялары. Ауыл ақсақалы, қариясы жастарға жөн сілтеп, ақыл айтып жатса, ұрсып, сөгіп жатса ол ерсі емес заңдылықтай қабылданатын. Міне, халықтық педагогиканың, ұлттық тәлім-тәрбиенің басымдығын осы тұстан аңдаймыз. Бұл бір.

Екіншіден, қазақтың фольклоры жас ұрпағы өмірге келген сәттен бастап бірге өмір сүріп, қанына

бетін көрмеген жас ұрпақ осындай тәрбие мектептерінен өтті. Ал сол күнделікті тұрмыста қалыптасқан халықтық педагогика мектебінің ең жоғары санатты оқытушылары мен тәрбиешілері, мәртебелі ұстаздары – қариялар болды. Кей-кейде, халқымыздың ауыл қарияларын, ақылшы ақсақалын, ақылман әжелерін «адам болуға бағыт берген, өмір қағидаларына қалыптастырған ұстазым еді» деп әспеттеуі осыдан.

## Мейірбанды қария – толықсын аққан дария

Қаһарман жазушы Бауыржан Момышұлы бір сөзінде: «Соғыста

жүрегім ештеңеден шайлықпап еді, қорқып, ешкімнен қаймықпап едім, енді осы бейбіт, тыныш заманнан үркіп, қорқа бастадым», – деп ауыр күрсінгенде жұрт: «неден қам жеп, көңіліңіз қалып жүр?» – депті. Сонда батыр: «Қан майданда жаудан бетім қайтып көрмеген басым, қазір бала, немерелеріне бата бере алмайтын, ертегі, аңыз айтып бере алмайтын, жұмбақ пен жаңылтпаш үйретпейтін, мақал-мәтелдің мәнін түсіндірмейтін шал-кемпірден қорқып жүрмін. Бұл қалпымен енді ұрпағымыз не болады?!» – деп ортаға зілдей ауыр ой тастап, мінбеден түсіп кетіпті.

Әрине, Баукең, бір жағы империялық идеологияның теріс ықпалының әсерінен, бір жағы, халықтар достығы деген желеумен Қазақстанды ерікті-еріксіз келімсектер баса бастағанынан, соның кесірінен ұлттық қасиетімізден айырыла бастаса, ұрпақ қайда бармақ; тілің мен төл әдебиетің, салт-дәстүрің де құнсыздана бермек, қарияның сөзінен қасиет кетіп, қадірі түсе бермек.

Қариялар – халқының бетке шығар қаймағы, суының тұнығы, арқа тұтар тірегі. Тағы да сол, аузынан сөз асылы ақтарылған ардақты Баукең: «Қарт адам ұзақ жол шегіп, тоналып қалған жолаушы сияқты», – деген екен, мұнысы сынап отырғаны емес, халқына, ұрпағына бары мен нәрін берген адамның жапырағынан тоналған бәйтеректей солғанына, иіліп шөккеніне меңзегені, ұрпағына: «алақаныңа салып аяла, ол сен үшін барын берді, басыңа көтер, бақытты ет, бақилығына базарлы бақуатты аттандырып, шығарып сал!» – дегені деп ұғамыз.

## Ақсақалдар, аман бол!

Тағы бір аңызда «Лұқпан хакім мың жасаған», – деген лепес кездеседі. Әрине, бұл шынымен ол

кісінің мың жасағандығы емес, даңышпанның артында қалдырған даналығымен, ұлағатты ұрпақ өсіруімен мың жасағанын меңзеді. Бұл тағылымды ұстанымы бар, өнегелі жұрттардың астарлы лебізі. Ақынжанды жұртымыздың тағылымын жыр тілімен кестелесек, шаңырағының биіктігін шыққан күнмен өлшеген, керегесінің тұрған бойын кер жыланмен өлшеген, арқанының ұзындығын аққан сумен өлшеген, туырлығының тұтастығын бүтін түмен өлшеген, қайран ата-бабамыздан жеткен өнегелі елдік белгісі.

Аузы дуалы қарияларымыздың берген батасынан жұртымыздың асыл қасиеттерін, ел болашағы – ұрпақ тәрбиесіне терең тән берген қастерлі борышын мәннаниз. Үмітті ұрпақтарына – балалары мен жастарға қарттар «Ел-жұртыңның гүлі бол, шамшырағы нұры бол, болашақта ірі бол, ірілердің пірі бол! Батырлардай санды бол, сал-серідей сәнді бол, бақ-дәулетті малды бол, өз құрбыңның алды бол» деп ақ батасын ақтарыпты. Ал алғыс-батамен өскен ұрпақ қанаттанып, қуат алмай ма, арғымақтың жалын ұстап, қарғы мінгендей намысқа шаппай ма?! Алғыс-батада қариялық қадір-қасиет, ұлағатты тәлім-тәрбие, сонымен бірге, дұрыс бағыт, жоғары талап-талғам топтастырылып, ұрпақ бойында ізгі қасиеттер қалыптастыруға қызмет етеді.

Осындай қариялық қазіргі аға буынға, ақсақалдық жасқа жеткендерге жұғысты болсын деген игі тілекпен ойымды былай қорытқым келеді:

Уа, қариялар, күйлі болыңыздар, ел-жұрттарыңызға сыйлы болыңыздар! Немере, шөбере, шөпшек көріп, тоқсан отау үйлі болыңыздар! Түндеріңіз тыныш болсын, үйлеріңізге ырыс толсын! Ұлдарыңыз десті болсын, келіндеріңіз есті болсын! Орындарыңыз төр болсын, мәртебелеріңіз зор болсын! Баршаңызға қадірлі қарттық тілеймін!

**Досжан ӘМІР,**  
**ҚР Судьялар одағының төрағасы**

БЕЗБЕН

# РАҚЫМШЫЛЫҚ – ҚАТЕЛІГІН ТҮСІНГЕНДЕРГЕ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Зайырлы, құқықтық мемлекетте барлық қарым-қатынас заңмен реттеліп, кез келген мәселе заң талабына сай шешіледі. Қоғам болған соң онда түрлі даулардың орын алып, түрлі қылмыстың туындайтыны қалыпты жағдай. Осы қадамдарды қалыпқа салуда да заңның пәрмені зор.

Мемлекет азаматтардың жасаған қылмыстық әрекетіне сай әділ жаза тағайындаумен бірге, қателескен жандардың қателігін түсінуіне, түзелуіне, ортасына оралуына мүмкіндік беруді де басты назарында ұстайды. Тәуелсіз елдегі ерекше тарихи жағдайларға орай әр жылдары «Рақымшылық туралы» заңның қабылдануы да осы биік мақсаттан туындағаны даусыз.

Мысалы, 2025 жылғы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заң қабылданды. Бұл заңды бостандығы шектелген, түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген азаматтар үлкен үмітпен күткені анық. Себебі, бұл заңның көмегімен көптеген сотталушының мерзімінен бұрын бостандыққа шығып, жаңа өмір бастауына жол ашылады.

Рақымшылық заңын қабылдаудың тиімділігі зор. Мұндай заң бірқатар сотталушының қылмыстық жазадан құтылуына; сот тарапынан бекітілген жаза мерзімін қысқартуға; өз жазасын жеңілдікпен жасауға ауыстыруға, сонымен қатар негізгі немесе қосымша жазадан құтылуына көмектеседі. Алайда, рақымшылық заңы кез келген адамға қолданыла бермейді. Кімдердің бұл заңның көмегімен жаза-сын жеңілдетіп, мерзімінен бұрын бостандыққа шығатыны жаңа заңда

жан-жақты, тәптіштеп көрсетілген.

Рақымшылық жасау қылмыстың жеңіл-ауырлығына байланысты қолданылады. Ата Заңның 30 жылдық мерейтойына орай қабылданған бұл рақымшылық заңының игілігін көру үшін азаматтар 2025 жылдың соңына дейін өтініш бере алады. Ең бастысы, өтініш жолдаушы азамат сот үкімінің заңдылығы мен әділдігіне дауласпай, тек жазаны жеңілдетуді сұрауы шарт.

Мұндай заңдық жеңілдік ең әуелі қылмыстық теріс қылық немесе ауырлығы аз қылмыс жасағандарға; ауырлығы орташа қылмыстарды залалсыз жасаған немесе зиянды толық өтегендерге; әлеуметтік осал топтарға; ардагерлер, көмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, көмелетке толмаған балалары немесе мүгедек балалары бар сотталушыларға, сондай-ақ бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер мен зейнеткерлерге беріледі. Жаңа құжатқа сәйкес ауырлығы орташа қылмыс жасағандар да жазасын өтеген кезде өзін тәртіпті ұстап, ортақ қағидаларға бағынған және жазасының бітуіне бір жылдан аспайтын мерзім қалғанда бостандыққа шығарылуы мүмкін. Ауыр қылмыстар бойынша берілген мерзімнің үштен бірі, аса ауыр қылмыстар бойынша төрттен бірі рақымшылық заңының шеңберінде қысқартылуы мүмкін. Сонымен қатар, рақымшылық

жасалмайтын сотталғандар санатының толық тізбесі «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заңның 4-бабында толық көрсетілген. Осы құжатта дәйектелгендей кісі өлтірген, зорлау, тонау, бопсалау бойынша жауапқа тартылған, сондай-ақ тыңшылық, сатқындық, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздырғаны үшін сотталғандар рақымшылыққа ілінбейді.

Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлық қылмысын, террористік қылмысын; азаптауларды жасағандарға, сондай-ақ қайталап жасалған немесе қауіпті қайталанатын қылмысы үшін сотталғандарға рақымшылық қолданылмайды. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар; қылмыстық топтың, ұйымдасқан топтың, қылмыстық ұйымның, қылмыстық қоғамдастықтың, трансұлттық ұйымдасқан топтың, террористік топтың, банданың немесе заңсыз әскерлендірілген құрамның құрамында қылмыс жасағандар да рақымшылыққа іліне алмайтынын білгеніміз дұрыс. Жазасын өтеу кезінде қасақана қылмыс жасағандарға, ауыр қылмысы үшін сотталғандарға да кешірім жоқ.

Мемлекет өз қатесін түсінген, жаңа өмір бастауға ынталы, қылмысынан сабақ алғандарға жеңілдік жасап, бостандыққа шығуына мүмкіндік беруге дайын. Алайда, рақымшылық әділдік ұғымына қайшы келмеуі тиіс. Өйткені, жазаның жеңілдігі, рақымшылықтың берілуі азаматтардың заң, әділдік, тура төрелік туралы түсінігіне кері әсер етпеуі керек.

**Бахытхан БӘКІРБАЕВ,**  
**Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

ОҢ ҚАДАМ

# «ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ЭКОАКЦИЯСЫНЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

«Таза Қазақстан» бағдарламасының аясында өткен «Таза бейсенбі» экоакциясында 500 тонна қоқыс шығарылып, 300 көшет отырғызылды. Оған 5767 адам мен 111 дана арнайы техника жұмылдырылды. Акцияға қатысушылар бұл жолы 203 гектар алқапты тазартып, 2230 метр қоршау мен 3500 метр қақпаны сырлады.



Алдыңғы аптада бұл шараға 6 мыңнан астам адам қатысты. Онда өңірдің білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт салаларының қызметкерлері, кәсіпорындар мен мекеме ұжымдары өз жұмыс орны аумағын тазалаған болатын. Бұл кезде де 367 тонна қоқыс шығарылып, 1500-ден астам көшет отырғызылған еді.

Сондай-ақ қала күні қарсаңында Талдықорғандағы «Құлагер» шағын ауданында аумағы 1,2 гектар болатын жаңа саябақ ашылды. Автоматты суару жүйесі орнатылып, жасыл газон төселген саябақта балалар ойын аумағы, шағын саулет нысандары, Workout аймағы, веложол, шағын футбол алаңы, демалыс орындары, жаяу жүргінші жолдары және заманауи жарық шамдары орнатылған.

Қараша айында «Бірлік» шағын ауданында жаңа сквердің құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі. Сонымен бірге «Жастар» саябағы аба-тандырылып, «Жеңіс» саябағының кіреберіс стелласы жаңартылып, ал орталық саябақтың Қабанбай батыр көшесі жағынан кіреберісіне жаңа арка салынып жатыр.

– «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыс бойынша 151 мыңнан астам адам қатысқан экологиялық акция ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде 11 486 тонна қоқыс шығарылып. Биылғы жоспар бойынша 120 мыңнан астам түп ағаш отырғызу көзделсе, соның 56 мыңнан астамы көктемде отырғызылды, қалған 65 мыңы күз мезгілінде егіледі, – деді М. Көлбаев.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ,**  
**«Заң газеті»**

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

Ақтау қаласында Mangystau International Tourism Forum өз жұмысын бастады. Форумға мемлекеттік органдардың өкілдері, бизнес құрылымдар, инвесторлар, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдер мен Иран, Түрікменстан, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан келген сарапшылар қатысты. Негізгі мақсаты – Маңғыстау өңірінің туристік әлеуетін таныстыру және жаңа инвестициялық жобаларды талқылау.

# МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНІҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ



Ернар Берекенов туризм саласында 16 жыл бойы қызмет етеді. Қонақ үйлер желісінің өкілі Еуропаның бір топ азаматын Маңғыстаудың көрікті жерлерімен таныстырмақ ниетте.

«Біз әлем елдеріне туристерді апарамыз. Бүгінде Еуропа азаматтарын Қазақстанның тылсым сұлу табиғаты қызықтырады. Әсіресе, елді мекеннен шалғай орналасқан туристік аймақтарды көру-

ді армандайды. Осы орайда Маңғыстауда рухани демалатын орындардың көптігі қуантады», – дейді Е. Берекенов.

Ал, Қарақалпақстаннан келген Маблюда Имбергенова да Ақтауға бірнеше отандасын саяхаттауға әкелген.

«Маңғыстауға бірінші рет келіп тұрмын. Бұл менің неше жыл бойғы арманым еді. Теңізді көріп, қуандым. Сол теңізге қарақалпақ халқын алып келу, табиғатымен та-

ныстыруды көптен ойлап жүр едім», – деп Маблюда қуанышын жасырмады.

Маңғыстау – Қазақстанның туристік картасында ерекше орын алатын аймақ. Туристерді суы мөлдір, жағасы құмды Каспий теңізі, Бозжыра, Шерқала және Қызылқұм сияқты табиғаты сұлу жерлер қызықтырады. Ақтау түркі әлемінің мәдени астанасы мәртебесін алғалы 38 ауқымды іс-шара өткізді.

«Бұл тек қана мәдени шаралар емес. Екіншіден Ақтаудың, Маңғыстаудың туристік жағын күшейту бойынша да жасалуда. Туризмге жәрдем беруге біздің әр шарамыздың зор мәнісі бар. Ақтау секілді мәдени астанамызды Бельгияда, Еуропарламентте, ЮНЕСКО-да танытайын деген ойымыз бар», – деп атап өтті Түрксой ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев. Іс-шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Ардақ Амангелдиев, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері де қатысты.

Маңғыстау облысы Қазақстанның туристік картасында ерекше орын алады. Каспий теңізінің жағалауы, Бозжыра мен Қызылқұм сияқты қайталанбас табиғи ландшафттар, тарихи-мәдени мұралары өңірді Орталық Азиядағы ең перспективалы бағыттардың біріне айналдырып отыр.

Маңғыстау облысының



әкімі Нұрдәулет Қилыбай өңірді туризм саласында дамытуға тоқталып, инфрақұрылымдық жобалардың қарқынды іске асырылып жатқанын атап өтті.

«Маңғыстау – мұнай мен газ ғана емес, қайталанбас табиғаты мен бай мәдени мұрасы бар өңір. Президенттің тапсырмасына сәйкес біз облысты туристер мен инвесторлар үшін тартымды орталыққа айналдыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Туризмді дамытуға қолайлы жағдай жасаймыз. Бірақ ең бастысы – бұл бағытта экологияға, қоршаған ортаға зиян келтірмеуіміз керек. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарымыз бен мәдениетімізге нұқсан тимеуге тиіс. Қазіргі мақсатымыз – қазақы дала заңы мен ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, Маңғыстауда туризм саласын барынша тереңінен дамыту», – деді Нұрдәулет Қилыбай.

Туризм және спорт минис-

трі Ербол Мырзабосынов өз сөзінде туризмді дамытудың мемлекеттік деңгейдегі маңызына тоқталды.

«Туризмді дамыту – мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Ел ішінде және шетелден келетін туристер ағынын арттыру, қолайлы инвестициялық климат қалыптастыру, бизнеске жаңа мүмкіндіктер ашу үшін жүйелі шаралар жүзеге асырылып жатыр. Маңғыстау облысын дамытуға арналған кешенді жоспар қабылданды. Бұл форум – өңірдің жаңа мүмкіндіктерін ашатын маңызды қадамдардың бірі», – деді Ербол Мырзабосынов.

Биыл Маңғыстау облысын дамытудың 2025–2029 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданған. Ол 100-ден астам іс-шараны қамтып, жалпы инвестиция көлемі 401 млрд теңгеге жуықтайды. Форум осы жоспарды жүзеге асырудағы маңызды ізденістің бірі саналады.

Айта кетейік, кейінгі жылдары Маңғыстау облысына тартылған инвестиция көлемі айтарлықтай артты. 2020 жылдан бері өңірге 4,1 трлн теңге инвестиция салынған. Соның нәтижесінде туризм негізгі салалардың біріне айналды. 2024 жылы ғана облысқа 460 мыңнан астам турист келіп, оның 43 мыңы шетелдік қонақтар болды. Алдағы уақытта жалпы құны шамамен 400 млрд теңгеге бағаланған 133 жоба жүзеге асырылмақ.

Форум аясында көлік байланысы, іскерлік және медициналық туризмді дамыту, қолжетімсіз локацияларды жаппай туризмге ашу мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ B2B кездесулер ұйымдастырылып, қатысушыларға Бозжыра мен Қызылқұм шатқалдарына арнайы инфотур ұсынылды.

Жазира  
ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

## РУХАНИЯТ

# ӨРКЕНИЕТТЕР ТОҒЫСҚАН ӨНЕР МҰРАЖАЙЫ

Алматының сән салтанатына тағы бір тарту қосылды. Кәсіпкер, меценат және коллекционер Нұрлан Смағұлов негізін қалаған заманауи өнер мұражайы қыркүйек айында салтанатты түрде өз көрермендеріне есігін ашты. Қаланың мәдени өміріндегі соңғы жылдардағы ең елеулі оқиғалардың бірі осы болды. Қазақстандағы жаңа мәдени, рухани деңгей тағы бір сатыға өрледі.



Аумағы 10 060 м<sup>2</sup> алып жатқан мұражай ғимаратының британдық Шарпан Тейлор сәулет фирмасы жобасын жасапты. Бірінші қабатта кең көрме алаңдары, оның ішінде «Ұлы Дала» (аумағы 1000 м<sup>2</sup>, төбе биіктігі-12 м) және «Сарыарқа» (520 м<sup>2</sup>) залдары орналасқан. Сондай-ақ әйгілі суретші Ричард Серранның жұмысына арналған аумағы 550 м<sup>2</sup> құрайтын зал да бар. Мұражай ғимаратында Шарын шатқалының таңғажайыбын көрсететін аумағы 1112 м<sup>2</sup> жарық орталық кеңістік — «Өнер көшесі», «Әл-Фараби» көп-функционалды залы, кәсіби қор

сақтау орны, қалпына келтіру залы және «Шеберхана» шығармашылық кеңістігі орналасыпты.

Келушілерге арналған заманауи кафе мен дүкенді де орталықтан табасыз.

Екінші қабат заманауи шеберлердің экспозицияларын паш етеді. Мұражай қонақтары Яйои Кусам, Билл Виола және Ансельм Кифер сияқты көрнекті суретшілердің туындыларын тамашалай алады.

Ғимараттың сәулетін британдық Шарпан Тейлор бюросы әзірлеген, инженерлік жүйелерге Büro Harpell, мұражайды жоспарлауға

Lord Cultural Resources мамандары жауапкершілік алыпты. Мұражайдың визуалды бейнесі тау ландшафты мен заманауи қаланың үйлесіміне негізделген. Ғимараттың сәулет тұжырымдамасы екі L тәрізді құрылымнан тұрады: оның бірі Юра дәуірінің әктастарымен қапталған –



бұл таулардың табиғи қуатын бейнелейді, ал екіншісі қазіргі қаланың қарқынды ырғағын көрсететін алюминий панельдермен жабылған.

Мұражайдың жасыл желекке оранған аумағында ашық аспан астындағы мүсіндер, субұрқақтар мен демалыс аймақтары бар. Олар өнер мен жайлы демалыс үшін тамаша үйлесімді орта қалыптастырады.

Almaty Museum of Arts өзінің негізін қалаушы Нұрлан Смағұловтың ерекше топтамасын ұсынады. Нұрлан Смағұловтың жеке коллекциясынан Қазақстан, Орталық Азия

және басқа елдерден 700-ден астам өнер туындысы мұражай қорына таңдап алынды. Қазақстан мен Орталық Азиядағы заманауи өнерді бір орталыққа тоғыстырған мұражай өткен мен бүгінгі және болашақтың әдемі үйлесімі дерсіз.

Мұражай негізін қалаушы Нұрлан Смағұлов: «Өнер менің өміріме үлкен әсер етті. Сондықтан мен Almaty Museum of Arts мұражайы басқаларға да осындай шабыт пен жанашырлық сыйлайды деп шын жүректен үміттенемін. Келушілердің алғашқы пікірлері аймақтың мәдени мұрасын сақтаумен қатар, оның болашағы туралы ойлануға мүмкіндік беретін кеңістіктің маңыздылығын көрсетіп отыр. Мұндай ыстық ықылас мені шабыттандырады және

дәл. Өнерге қызығушылық танытып, осындай сәтті бізбен бөліскен әрбір қонаққа алғыс айтамыз... Алайда қуанышты жаңалықтармен қатар өкінішті жағдайлар да болғанын айтуға мәжбүрміз. Осы уақыт аралығында вандализмнің 20-ға жуық дерегі тіркелді. Белгісіз адамдар кейбір экспонаттарға зиян келтіріп мұражай қабырғаларын сызып кеткен. «Бұл бізді қатты қынжылтты. Әрбір экспонат – қазақстандықтардың мәдени әрі тарихи мұрасы, ол келер ұрпаққа сол қалпында жетуі керек. Реставраторларымыз қалыпқа келтіру жұмыстарына кірісіп кетті. Біз экспонаттар мен ғимараттың бастапқы келбетін қайтару үшін бар күшімізді саламыз.

Біз қонақтарымыздың басым бөлігі өнерге деген құрметпен және ерекше ықыласпен келетініне сенеміз. Дегенмен мұражай баршамызға ортақ кеңістік екенін ескерте кетіміз қажет. Сондықтан мұражай қызметкерлерінің, әкімшілік пен еріктілердің нұсқауларын орындау өте маңызды: экспонаттарға қол тигізбей, арнайы белгіленген жерлерде түсірілім жасамау қажет. Мұндай шектеулер туындылардың техникалық сақталуына, сондай-ақ суретшілердің талаптары мен авторлық құқық нормаларына байланысты енгізілген. Фотосурет пен бейнетүсірілім жасау мұражайдың кей залдарында рұқсат етілмейді. Сондай-ақ жарқыл қолдануға (вспышка), коммерциялық жабуықтармен «штатив» және т.б.) жұмыс істеуге тыйым салынады...» – делініпті ресми ақпаратта. Вандализм ізін өшіру жұмыстарына мұражай басшылығы миллион теңгеге жуық қаржы жұмсапты. Киелі өнер ордасы ұлттың мерейін көтереді, тарихын, өткенін келер ұрпақпен сабақтастырады. Руханият өзегі әркімнің өзінің ішкі мәдениетін көрсетеді. Сондықтан әркім биік өре, терең тәлім, өнегелі тәрбие үлгісін көрсетуге ұмтылғаны абзал.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



ШАРА

# СПАРТАКИАДА РУХТЫ КӨТЕРДІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сөз алғандар қатысушыларға сәттілік пен жоғары спорттық жетістіктер тілей отырып, мұндай бастама судьялардың денсаулығы мен дайындығын жақсарту мен кәсіби деңгейін көтеруге оң әсер етіп, сот жүйесінің қоғам алдындағы беделін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Расында да спорт алаңдарында төрешілер бейресми жағдайда жа-

рысып, жеңіс қуанышын сезініп қана қоймай, араласып, кәсіби байланыстарын нығайтып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Яғни, спартакиада судьялардың тек үкім шығару құқығына ие лауазым иесі емес, белсенді және салауатты өмір салтын ұстанатын жан-жақты тұлға екенін көрсетті.

Ойындар соңғы сәттерге жақындаған сайын бәсекелестік рух айырықша жоғары болды. Трибуналар мен залдарда әр команданың

жанкүйерлері әріптестеріне зор қолдау көрсетті. Жеке болсын, команда болсын әрбір ойын ұжымдық жұмысты, ұйымшылдықты және шынайы да жылы қолдауды қажет етеді. Бұған соңғы ойындар дәлел болды. Онда – рухы бір, жеңіске деген ынтасы ортақ командалар жеңіске жетті. Жалпы, барлық командалар жоғары дайындықтарын көрсете отырып, намысты лайықты қорғады, және жеке спорт түрлерінен де жүлделі орындарға ие болды.



Десе де жарыстың аты – жарыс. Онда әрине топ жарып, оза шапқандар болуы заңды. Судьялар одағының XI спартакиадасында Абай облысының судьялар командасы бірінші орынды иеленіп, тамаша жетістікке жетті. Астаналық судьялар екінші орынды еншілесе, Маңғыстау облысының қазыларына жалпы есепте үшінші орынды қанағат тұтуға тура келді. Барлық тоғыз спорт түрінен жеке дәстүрлі категориялар бойынша қорытындылар шығарылды. Олардың әрқайсысы қиындықпен келген лайықты жеңістер болды.

Турнирдің жабылу салтанатында

жеңімпаздар кубок, медаль және мақтау қағаздарымен марапатталды. Турнирді ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға кәсіби жұмыстарында да, спорт алаңында да табыс тіледі.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы судьяларының дәстүрлі спартакиадасы спорттық шара ғана емес, сонымен қатар денсаулықты нығайту мен салауатты өмір салтын ұстануды басты рөл атқаратын, әлеуметтік және корпоративтік мәні терең маңызды шараға айналды. Өйткені, судьялық кәсіпке қозғалыссыз өмір салты және шектен тыс зейін тән



болғандықтан физикалық және психологиялық денсаулыққа теріс әсер етеді. Сондықтан спорттық жарыстар, мейлі волейбол, шағын футбол, шахмат, бильярд, арқан тарту және т.б. болсын, дене шынықтыруға септігін тигізіп, жаттығуға ынталандырушы күшке ие.

Судьяның денсаулығына қамқорлық – олардың кәсіби ұзақ өмір сүруінің, эмоционалдық тұрақтылығының, сайып келгенде, сот төрелігі сапасының кепілі. Мұны спорт арқылы қамтамасыз ету сот жүйесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, бұл шараның маңызды әлеуметтік және символдық мәні бар.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**  
«Заң газеті»



МЕЖЕ

## ӘДІЛЕТ САЛАСЫ ЕЛГЕ ЖАҚЫН

Алматы қалалық Әділет департаменті 2025 жылдың алғашқы алты айында жүргізілген бақылау мен қадағалау жұмыстарының нәтижесін жариялады. Тексеру кезінде нотариустардың, адвокаттардың және заң кеңесшілерінің қызметі, сондай-ақ Халыққа қызмет көрсету орталықтарының мемлекеттік қызмет сапасы негізгі назарда болды. Мәліметтер бақылаудың күшейгенін, азаматтардың шағымдары белсенді түрде қаралып, заңсыз әрекеттерге жол бермеу шаралары қолға алынғанын көрсетеді.

Алматыда бүгінде 964 нотариус жұмыс істейді. Бірақ олардың барлығы бірдей заң талаптарын сақтай бермейді. Алты айдың ішінде нотариустардың әрекетіне қатысты 419 шағым түскен, соның 27-сі расталған. Нәтижесінде 4 нотариустың лицензиясы тоқтатылып, тағы 8-і тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Лицензиядан айыру бойынша да істер қозғалып, кейбіреулердің өз өтінішімен лицензиясы тоқтатылды. Бір нотариусты сот шешімімен лицензиясынан айырығанымен, ол шешім әзірге күшіне енген жоқ. Сонымен қатар 23 нотариусқа нотариалдық қызмет кезінде заң бұзғаны үшін әкімшілік іс қозғалды. Өткен жылы мұндай іс саны 18 болған еді. Қалада 1 100 адвокат бар. Оларға барлығы 11 шағым түскен, олардың біреуіне ғана тәртіптік жаза қолданылды. Сот шешімімен тағы бір адвокат айыпталып, сөгіс алды, бір іс заң бұзушылық анықталмауына байланысты тоқтатылды. Сот үкімі бойынша үш адвокат лицензиясынан айырылды,

ал тағы екі адвокат өзге себептермен қызметін уақытша тоқтатты. Оның бірі жылжымайтын мүлікті тіркеу саласына қатысты болып, 106 заң бұзушылық анықталды. Материалдар тіркеу органына жолданып, кемшіліктерді жою және болашақта мұндай жағдайдың қайталанбауы талап етілді. Азаматтық жағдай актілерін тіркеу бойынша да осындай тексеру жүргізіліп, бұл салада бар болғаны бес заң бұзушылық тіркелген. Жалпы, бақылау органдары құқықтық қызметтердің сапасы мен тіркеу рәсімдерін қадағалауды күшейтіп келеді. Әрбір заң бұзушылыққа ескерту мен сөгіс беруден бастап, лицензиядан айыруға дейінгі шаралар қолданылады. Бұл тек заңгерлерге ғана емес, құқық саласында еңбек ететін барлық мамандарға ескерту болып отыр.

Ал Алматыдағы демография мен құқықтық көмек қалай өзгерді деген сауалға келсек, Әділет департаменті Азаматтық актілердің жалпы саны азайғанына қарамастан, статистика қызықты өзгерістерді көрсеткенін

атап өтті. Әділет министрлігінің чат-бот сияқты цифрлық шешімдерді енгізуі халыққа құқықтық көмектің қолжетімділігін арттыруға септігін тигізуде. Осы орайда Алматы қалалық Әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаева демографиялық статистика туралы егжей-тегжейлі баяндады: «Қазір Алматыда 101 057 азаматтық акт тіркелген. Бұл 2024 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 39,46%-ға аз (2024 жылы 140 939 акт тіркелген). Соған қарамастан, кейбір санаттарда оң өзгеріс бар. Мысалы, туу деңгейі 4,08%-ға өсіп, 25 718 туу актісі тіркелген (2024 жылы 24 667 акт болған). Өлім көрсеткіші керісінше 10,2%-ға төмендеді. Некеге тұру да 3,8%-ға сәл азайған (2025 жылы 9 274 неке, 2024 жылы 9 627 неке), ал ажырасқандардың саны айтарлықтай өсіп, 41,6%-ға көбейген. 2 384 ажырасу актісі тіркелді», – деді.

Әкімшілік тәжірибеге тоқталатын болсақ, 2025 жылы 269 борышкер жауапқа тартылған, ал 2024 жылы олардың саны 168 болған. Жалпы, іс санынан 14 іс мемлекеттік сот орындаушыларының материалдары бойынша (2024 жылы – 23), 158 іс жеке сот орындаушыларының материалы бойынша (2024 жылы – 100) түскен. 8 әкімшілік қамақ шарасы қолданылып (2024 жылы – 26), 255 әкімшілік айыппұл салынды. Сонымен қатар 7 қылмыстық іс тіркелді.

Алимент төлеуден қашқан борышкерлердің саны да едәуір артқаны байқалады. Мәселен, биыл 209 борышкер жауапқа тартылса, былтыр олардың саны 61 болған. 2025 жылы Алматы қаласының жеке сот орындаушылары алимент өндіру бойынша 21 346 атқарушылық іс жүргізген (2024 жылы – 20 441). Оның ішінде

2 168 іс аяқталған, ал маусым айының соңына қарай атқарушылық құжаттардың қалдығы 19 338 болған. Сол сияқты алимент бойынша берешегі бар борышкерлерге қатысты Қазақстаннан тыс жерлерге уақытша шығуға шектеу қою туралы 4 910 қаулы шығарылған. Алты айдың ішінде жеке сот орындаушылары алимент алушылардың пайдасына 600 млн теңгеден аса қаражат өндіріп алған, нақты айтқанда бұл – 651 513 754 теңге. Сондай-ақ борышкерлердің мүлкі анықталып, қарызды өтеу үшін 6 автокөлік пен 11 жылжымайтын мүлік нысаны сатылды. Борышкерлерді іздестіруге қатысты 427 іс тоқтатылып, 198 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сол сияқты цифрландыру саласында да оң өзгерістер бар. Мысалы, 2024 жылы азаматтарға тәулік бойы құқықтық ақпарат беріп отыратын чат-бот – виртуалды кеңесші іске қосылғаны белгілі. Бұл чат-бот алимент, сенімхат алу, сотталмағандығы туралы анықтама алу, неке бұзу, мұрагерлік рәсімдер және басқа да өзекті мәселелер бойынша көмек көрсетеді. Сонымен қатар бот оларды тиісті мемлекеттік органдарға, электронды қызметтерге бағыттады. Чат-бот іске қосылғалы бері қала тұрғындарымен алты ақпараттық кездесу өткізіліп, 4 751 адам құқықтық көмек алу үшін цифрлық көмекшіге жүгінген. Сайтқа 4 829 хабарлама келіп түссе, оның 1 146-сы кері байланысқа түсіп, тиісті жауап алынған. Бір сөзбен айтқанда, цифрлық технологиялар арқылы тұрғындармен белсенді әрекеттің арқасында әділет саласы халыққа барынша жақындап келеді.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

СҰХБАТ

– Мухидин Тохтасунұлы, қызығынан бұрын қиындығы көп сот саласына қалай келдіңіз?

– 1976 жылы мектеп бітіріп, КазГУ-ге құжаттарымды алып барғаным есімде. Бірақ армандаған заң факультетіне екі жылдық еңбек өтілі талап етілгендіктен, Политехникалық институттың мұнай және газ факультетіне түстім. Жоғары оқу орнына түсе тұра, бұл жерде мүлдем оқығым келген жоқ. Ақыры оқуды тастап ауылыма кетіп қалдым. Осылайша Ұйғыр ауданындағы Сұңқар ауылында екі жыл колхозда жұмыс істедім. 1978 жылы Талдықорғандағы заң факультетіне бардым. Бір орынға отыз адамнан таласып тұрса да, емтихандардан сүрінбей өтіп, студент атандым. Оқу бітірген соң алғашқы еңбек жолымды Іле аудандық сотында сот орындаушысы болудан бастамадым. Ол кезде судьялар мен сот орындаушылары бір мекемеде болатын. Осы аралықта әскери міндетімді де атқарып келдім. Ал арман еткен Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін алты жыл сырттай оқып бітірдім.

– Бір жылдары Ұйғыр аудандық «Или вадиси» газетінің мұрағатын қарап жа-

қылмыстық істер бойынша сотының төрағасы болып бекітілдім.

Бұл сот ауыр дәрежедегі қылмыстарды қарайды. Осы жерде 2023 жылға дейін жұмыс істедім. Кейін 63 жасқа келіп зейнетке кеттім. Бірақ менің іс-тәжірибем есепке алынып, маман дайындау үшін тағы біраз жұмыс істеуге ұсыныс түсті.

Заң бойынша сот жүйесінің қызметкерлерінің қызмет мерзімін 65 жасқа дейін ұзартуға болады. Сондықтан тағы да екі жыл азаматтардың құқықтарын қорғауға тура келді. Менің өмірімнің көбі заң саласында, яғни сот жүйесінде өтті. Міне екі айдан бері толық демалысқа шықтым.



Мухидин ТОХТАХУНОВ, ОТСТАВКАДАҒЫ СУДЬЯ:

# «СОТ – ЭМОЦИЯНЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТЕТІН ОРЫН ЕМЕС»

тып, «М.Тохтахунов» деген автордың Сұңқар ауылынан жіберген ақпараттарын көзім шалған еді. Сол «Тохтахунов» сіз емес пе?

– Дұрыс айтасыз, мектепте оқып жүріп, аудандық «Или вадиси» газетіне мақалалар жазып, жіберіп тұратынмын. Кейін колхозда істеген кездерде де шаруашылықтағы жаңалықтарды жаздым. Жарық көрген мақалаларым үшін 2-3 рубль қаламақы алғаным да есімде. Тіпті газет қызметкері Сәдуақас аға Мәсүтов мені бұл салаға тартпақшы да болған.

– Сіздің судья болып қызмет еткеніңізге қанша уақыт болды?

– Мен бұл жүйеде сот орындаушысы болып 12 жыл қызмет еттім. Кейін 1992 жылы сот реформасы болып, әр ауданда «орындау және әкімшілік құқық бойынша судья» деген штат ашылды. Ол кездерде судьяларды облыстық мәслихат сайлайтын. Тапсырған құжаттарым талаптарға сай келіп, судья атандым. Төрт жылдан соң Президент Жарлығымен тұрақты судья болып тағайындалдым. Бұл қызметте 2014 жылға дейін істедім. Кейін ерекше ауыр қылмыстар бойынша ауданаралық сот құрылып, Алматы облыстық сотының төрағасы Мейрамбек Таймерденов мені сол жерге шақырды. Бас ғимаратымыз Талдықорғанда еді. Ол кездерде сот процестері екі-үш айға созылып кететін. Алыс жерлерден куәгерлер, зардап шегушілер және олардың туысқандарының келіп-кетуіне көп уақыт пен қаржы жұмсалатын. Осы мәселелерді Жоғарғы Сотқа жеткізіп, 8 судьяның төртеуін Қаскелең қаласына орналастыруға күш салдым.

2019 жылы бұл сотқа төраға болу ұсынысы түсті. Төраға болған соң сотты бөліп алуға тырыстым. Себебі, Талдықорғанға бір адамның баруы үшін тағы да сол жол, жатақхана, тамақ мәселесіне қаншама шығын болатыны түсінікті. Облыс бір болғанымен, Алматы өңірінде қылмыс көбірек орын алады. Осы бағытта бастама көтеріп жүргенде, облыс екіге бөлінді. Соның нәтижесінде біздің сот та өздігінен екіге бөлінді. Содан Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық

– Алғаш жүргізген сот отырысыңыз есіңізде ме?

– Есірткі сатқан Анжелика есімді Қарасу ауылында тұратын сыған әйелдің ісін қарағаным есімде. Ол кезде Қарасу ауылы Іле ауданына қарайтын еді. Екі баланың анасы өзіне тиісті жазасын алды.

– Судья болу үшін қандай қасиеттер керек?

– Біріншіден, заң бойынша жоғары білімге ие болу керек. Кейін сабырлық өте маңызды, қандай күрделі жағдайда да сезімге берілмей, өзіңді салқынқанды ұстай білуің қажет. Әртүрлі адаммен сөйлесуге тура келеді. Сот барысында қатысушылармен психологиялық байланыс орнатудың қыр-сырын жетік білген жөн.

– Процестің кезінде көңіл-күйдің бұзылып, жүректің ауыратын кезі бола ма?

– Әлбетте, судья да адам баласы ғой, ол да жаннан, тәннен жаратылған, онда да қан бар, жүрек бар дегендей. Қылмыстар да түрлі жағдайларда орын алады. Сондықтан, судьялар да сот барысында жәбірленушіні аяп, кейде қатыгездікке зығырданып қайнайтын кездер болады. Бірақ, заң әрқашан бірінші орында екендігін ұмытпаған жөн. Сот – эмоцияға берілетін орын емес.

– Қазіргі заңдардағы толықтырулар мен өзгерістер туралы пікіріңіз қандай? Біздегі заңдар неліктен жиі өзгереді?

– Оның себебі – қоғам бір орында тұрмайды. Қоғам тоқтамай дамиды. Мысалы, бұрын адамдардың білімі, жүріс-тұрысы басқаша болса, қазір техника, ұялы телефон, БАҚ және басқа технологиялар көш ілгері кетті. Бұрын болмаған қылмыс түрлері пайда болып, олардың тәсілдері де өзгерді. Сондықтан, заңдарда өзгерістердің болып тұруы – заман талабы. Тіпті жаңа соттар да пайда болуда.

– Бүгінгі сотта қаралып жатқан негізгі істер туралы қысқаша тоқталып өтсеңіз?

– Енді, өзім істеген сот бойынша айтсам, негізінен, есірткі сату, оларды шетелден әкелу, тарату,

...банктер несиені онлайн түрде беруді доғарғаны жөн. Егер кімге ақша керек болса, тікелей банкке барып жолығуы керек. Сондай-ақ тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жандандыру да өз нәтижесін береді. Ақпарат құралдарының бетінен қоғамдық тәртіп тақырыбы түспесе екен деген тілек айтқым келеді.

«закладка» жасау, яғни оны жасыру секілді істер көп. Соңғы кездері кибералаяқтық сияқты қылмыстар көбейіп кеткені бәріне белгілі.

– «Закладка» жасайтындардың жазасы да есірткі саудасы үшін берілетін жазадан кем емес қой...

– Бұрын бұл іс бойынша жаза 10 жылдан 15 жылға дейін болатын. Мәселе депутаттар тарапынан қызу талқыға түсіп, «закладка» жасайтындарға жаза мерзімі 7 жылдан 12 жылға дейін төмендетілді. Бір жағынан қарасаң, іс жүзінде олар есірткі сатты, тағы бір жағынан қарасаң, көп жастар ақша табу үшін теріс жолға түсіп жатыр.

– Кибералаяқтық шынында да қоғамда кең етек ала бастады. Оның алдын алу үшін не істеу керек?

– Үкімет тарапынан оның алдын алу үшін көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Енді менің айтатыным, банктер несиені онлайн түрде беруді доғарғаны жөн. Егер кімге ақша керек болса, тікелей банкке барып жолығуы керек. Сондай-ақ тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жандандыру да өз нәтижесін береді. Ақпарат құралдарының бетінен қоғамдық тәртіп тақырыбы түспесе екен деген тілек айтқым келеді.

– Сіз үкім шығарған ең ауыр процестің бірі – үш ағайынды жігіттің өліміне байланысты жантүршігерлік қылмысқа қатысты еді.

Ол туралы өз кезінде ақпарат құралдарында көп айтылды. Бұл процесті қарау қаншалықты қиын болды?

– Шынында да, менің өмірімдегі ең ауыр іс осы болды. Талдықорған тұрғындары Шығыс Қазақстаннан Жамбыл ауданына ірі қара мал әкеліп сатумен айналысқан. Олар үш ағалы-інілі қандастар екен. Кезекті рет олар 40 бас ірі қара малды базарға әкеледі, бірақ сатып үлгермейді. Базар болса, тек сенбі-жексенбі күндері ғана істейді. Сонша малды бір апта ұстап тұру, бағу оңай шаруа емес қой. Олар сол жерде жүрген бір делдал кісіге малдарын келесі аптаға дейін қарап тұруға келіседі. Үшеуі оның сөзіне сеніп, малдарын тауға қарай айдайды. Бірақ әлгі кісі тауда бара жатқан кезде оларды арттарынан мылтықпен атып, өлтіреді. Кейін мүрделерін өртеп, қидың астына көміп тастайды. Бұл оқиға қоғамда үлкен наразылық тудырып, қандастар сот ғимаратын қоршап алады. Тіпті полиция мен қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мені күзетіп жүрді. Сот ісін он бес күн ішінде бітіру керектігі туралы маған тапсырма берілді. Үкім он күнде шықты. Нәтижесінде, кісі өлтіруші өмір бойы бас бостандығынан айырылып, оның көмекшісі 25 жылға сотталды. Ал, жақын жерде мал бағып жүрген тағы бір кісі оқиғаны көре тұра, полицияға хабар бермегені үшін төрт жылға бас бостандығынан айырылды.

– Айпақшы, өмір бойы жазаға кесілгендерді түрмеде

– Қазір бұрынғы шенеуніктер өзінің жеке мүддесіне пайдаланған мемлекет қаржысын қайтарғаны үшін жазадан құтылып жатыр ғой. Осыған не айтасыз?

– Ондайлар бар. Олардың заңды және заңсыз кәсібі бар. Заңсыз кәсіппен тапқан ақшасы мемлекетке қайтарылды. Енді оны отырғызып қойса, заңды кәсібі жабылады немесе басқа жақындары жалғастыра береді. Оған қарағанда мемлекетке келтірген шығындарды толық өтеген соң, елімізге кіріс әкелгені тиімді емес пе?

– Қазақстандағы тағы бір шулы сот – бұрынғы министр Қуандық Бишімбаевтың қылмыстық ісіне байланысты болды. Содан кейін тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жаза қатайтылды. Осы заң күшіне енген соң, ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер мен шағымдар азайды ма?

– Іс жүзінде болған бір-екі оқиғаны назарға алып қана, заңға өзгеріс енгізу дұрыс емес. Оның бәрі Жоғарғы Сот тарапынан талқыланады. Тұрмыстағы жағдайлар туралы бірнеше жылғы сот істері зерттеуден өтеді. Кейін заң шығарушы органға – Мәжіліске ұсынылады. Меніңше жаңа заң шыққан соң, оның әлбетте, оң нәтижесі болады.

– Қоғамда тағы бір резонанс тудырған іс – Шерзат Болаттың соты болды. «Шерзаттың ісі» бойынша сіздің көзқарасыңыз қандай?

– «Шерзаттың ісі» бойынша сот отырысын тікелей трансляция арқылы халық көріп тұрды. Қылмыстық кодексте қандай істердің жабық және қандай істердің ашық сотта қаралатыны туралы анық көрсетілген. Негізгі істердің бәрі ашық сотта қаралады. Жабық сотта зорлық-зомбылық, кәмелет жасына толмаған балаларға байланысты, сондай-ақ, мемлекеттік құпиямен байланысты істер қаралады. Ал, «Шерзаттың ісі» бойынша сотталушылар арасында кәмелет жасына толмаған бір бала болды. Сондықтан іс жабық сотта қаралуы керек еді. Бірақ қоғамдағы наразылықтарға байланысты, сот ашық жүргізілді.

– Алқа билер институтының енгізілгеніне де біраз уақыт өтті. Бұл бастама өзін ақтай алды ма?

– Алқа билер соты – әлемде бар тәжірибе. Алқа билерді іріктеу де, олардың жұмысын реттеу де оңай емес. Әр іске алқа билерді қатыстыру үшін екі жүздей адамды шақыруға тура келеді. Солардың ішінен тек 17 адам таңдап алынады. Таңдалғандардың екеуін прокурор, тағы үшеуін сотталушы тізімнен себепсіз шығарып жібере алады. Қалған адамдардың ішінде он үміткер негізгі құрамда, екеуі қосымша құрамда сот ісіне қатыса алады. Қосымша құрамдағылар сот процесіне келе алмай қалғандардың орнын толтырады. Алқа билер, негізінен сотта, полицияда, прокуратурада және түрлі мемлекеттік органдарда қызмет еткен адамдардан емес, қарапайым халық ішінен іріктеліп алынады. Сондықтан, аудандық соттарға қарағанда, ауданаралық соттар жұмысы біраз күрделілеу болады.

– Соңғы сұрақ: қылмыстық қоғам құру үшін не істеу керек?

– Орынды және маңызды сұрақ. Жоғарыда айтып өттім ғой, бұл жерде медиа-коммуникацияның рөлі зор. Сондықтан сотта қаралатын процестер ақпарат құралдарына көбірек берілуі қажет. Мүмкіндігінше түрмедегілердің өмірін көрсетіп, сотталғандармен сұхбат ұйымдастырып, еркін өмір мен түрме тұрмысының айырмашылығын халыққа жеткізіп тұру керек. Сол жерден әркім өзінің қорытынды шығара алады. Жастар қылмыстың соңы неге апаратынын көріп, түсінуі керек. Себебі, қандай қылмыс орын алмасын, қылмыскер міндетті түрде жазаланады.

– Мазмұнды әңгімеңіз үшін рақмет, бейнетіңіздің зейнетін көріңіз!

Сұхбаттасқан  
Мінәмжан АСИМОВ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

# ТАЛҚЫДА – «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құжат қауіпті технологияларды пайдалануға тыйым салып, жоғары тәуекелді жүйелерге қатаң бақылау енгізеді. Сонымен қатар ұлттық жасанды интеллект платформасы құрылып, әрбір азаматтың құқығы мен жеке деректері қорғалатын болады. Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашеваның айтуынша, бұл заң жобасы Парламенттің қос палатасы депутаттарының бастамашылығымен әзірленген.

Заң жобасына сай Азаматтық процестік, Әкімшілік процестік, Қылмыстық-процестік және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстерге түзетулер енгізу көзделген. Осы түзетулерге сәйкес, Конституциялық сот өз шешімдеріне айқындалған түсіндірмелер істі шешу үшін маңызды болса, жаңадан ашылған мән-жай ретінде сот шешімдерін қайта қарауға негіз болады, – деді С. Имашева.

Заң арқылы алғаш рет жасанды интеллект, модель, жүйе, деректер кітапханасы, синтетикалық нәтиже сынды жаңа құқықтық ұғымдар орнықтырылып отыр. Бұл құжатта Қазақстанда жасанды интеллектті дамытуға құқықтық негіз қалайды. Жобалар азаматтардың қауіпсіздігіне, деректерді қорғауға және инновацияларды қолдауға бағытталған.

Заң жобасында жасанды интеллектті пайдаланудың негізгі этикалық қағидаттары бекітілген. Олардың ішінде адам құқықтарының басымдығы, жұмыстың қауіпсіздігі мен ашықтығы бар. Жасанды интеллект құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде танылмайды. Адам барлық шешімге жауапты болып қала береді. Жасанды интеллектті әзірлеу және енгізу үшін Ұлттық платформа құрылады. Ол деректер кітапханаларына, жасанды интеллект өнімдерін әзірлеу және пайдалану ортасына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Заң жобасын әзірлеушілердің есептеу инфрақұрылымына, оның ішінде суперкомпьютерлерге қол жеткізу тәртібін анықтайды, – деді Е. Смышляева.

Депутаттар заң жобаларын қараған соң Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов сөз сөйлеп, еліміз алғашқылардың бірі болып Жи-ді

дамытуға дем беретін заңды қабылдағалы отырғанын атап өтті. Осы заңды әзірлеу барысында цифрландыру саласындағы озық әлемдік тәжірибелер мен тәуекелдердің бәрі ескерілгенін айтты.

– Мемлекет басшысы таяудағы жолдауында алдымызға үш жыл ішінде Қазақстанды жаппай цифрлық елге айналдыру жөнінде ауқымды міндет қойды. Бұл прогрессивті идеяны Президент бүгінде әлемнің ең басты мінбері – Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде жариялады. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан жасанды интеллектті технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады», – деп атап өтті. Бұл жаһандық үрдіс екенін көріп отырмыз. Президент атап өткендей, жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды, – деді Мәжіліс төрағасы.

Е.Қошановтың айтуынша, «Жасанды интеллект туралы» заң – осы бастаманы іске асыру жолындағы іргелі қадам. Ол еліміздің цифрлық дамуын жаңа деңгейге шығаруға жол ашпақ.

Сондай-ақ Мәжіліс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды екінші оқылымда мақұлдады. Заң бойынша халықаралық ғылыми жоба байқауларында жүлделі орындарға ие болған оқушыларға бір реттік төлемақы беріледі. Оларды дайындаған педагогтерге де қаржылай өтемақы қарастырылған. Сондай-ақ мүгедек баланы тәрбиелеп отырған немесе I топтағы мүгедек адамды бағып отырған жоғары оқу орындарының түлектерін оқуға арналған мемлекеттік грантты міндетті түрде өтеуден босату ұсынылады. Шетелдік жоғары оқу орындарында резидентура, магистратура, аспирантура және докторантурада оқығандарға өтелімі мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігі беріледі. Мемлекет мектептер мен балабақшаларда санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды күшейтеді.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Әр салада кәсібіне адал, білім-білігі терең мамандар болады. Олар көпке үлгі, жастарға өнеге. Жауапкершілігі жоғары сот саласы үшін мұндай білім-білігі терең, тәжірибесі мен тәлімі мықты қызметкерлердің орны тіпті ерен. Олар көре жүріп көңіліне тоқиды, үйрене жүріп кәсібилігін шыңдайды, білімін тереңдете жүріп қазыналы тәлімгерге айналады. Әмина Көлбайқызы Баймақанова сондай тәжірибелі кадрлардың бірегейі.

## ТӘЛІМГЕР



Еңбек жолы 28 жылдан асады, оның көп бөлігі сот жүйесімен тығыз байланысты. Ол 19 жылдан астам уақытын соттар мен сот әкімшілігі органдарына арнап, өзін жауапкершілігі мол, тиянақты әрі жоғары кәсіби деңгейдегі маман ретінде көрсете білді.

Әмина Көлбайқызы сот жүйесіндегі алғашқы қадамын Павлодар аудандық сотында бастап, қоғам үшін сот қызметінің маңызын терең түсініп, баға жетпес тәжірибе жинады. Кейін оның кәсіби жолы Павлодар облыстық сотында жалғасты. Әрбір еңбек кезеңі оның өсіп, жетілуіне, сот жүйесінің дамуына өз үлесін қосуына мүмкіндік берді.

Бүгінде Әмина Көлбайқызы Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Павлодар облысы бойынша департаментінде ұйымдастыру-тал-

дау бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Бұл қызмет заңнаманы терең білумен қатар, аналитикалық ойлауды, болашақты болжай білуді және жүйелі көзқарасты талап етеді.

Оның басшылығымен бөлім облыстағы сот жүйесінің сенімді тірегіне айналды. Көлбайқызының кәсіби даярлығы кезең-кезеңімен қалыптасты. Алғашқы білімі – арнаулы орта, «экономист-бухгалтер» мамандығы бойынша. 2005 жылы Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын тәмамдап, заңгерлік білім алды. Бұл оның мансабында жаңа белестерді ашты.

Қызмет атқарған жылдары Әмина Көлбайқызы адал еңбегі үшін грамоталармен, дипломдармен және «Мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі медалімен марапатталды. Барлық марапаттары оның кәсібіне адалдығын және жоғары деңгейдегі біліктілігін көрсетеді.

Жұмысындағы ең басты қасиеттері – жауапкершілік пен тиянақтылық. Дәл осы қасиеттері оған әріптестері мен басшылығының құрметіне ие болуға көмектесті.

Алайда, кәсіби қатаңдықтың артында отбасы мен дәстүрлі құндылықтарды жоғары қоятын жан тұр. Әмина Көлбайқызы тәрбиелеп отырған қызының бойына еңбек сүйгіштікті, адамдарға құрмет көрсетуді және әділдік қасиетін дарытуға тырысады.

Бүгінде Әмина Көлбайқызы Баймақанова – тәжірибелі маман ғана емес, сонымен бірге өзіне талап қоя білетіндігімен қатар бойына мейірім мен адамгершілікті үйлестіре алған. Ол сот жүйесінің шынайы болмысы өз міндетін адал да мінсіз атқаратын адамдарда екенін мойындатып келеді.

**Агидель ИБРАЕВА,**  
Павлодар облыстық сотында  
баспасөз қызметінің басшысы

Дамудың жаңа сатысына көтерілу үшін бірінші кезекте заманауи технологиялар мен цифрландыруға барынша көңіл бөлінуі тиіс. Осы мақсатта Мемлекет басшысы өз жолдауларында қоғам өміріндегі аса маңызды басымдықтарды айқындап келеді.

# «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» – АҚЦИЯСЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БАСЫМ



Биылғы жолдауда құқық үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру, қауіпсіз қоғам құру және цифрландыруға негізделген жаңа даму бағытын қалыптастырудың қажеттілігін ерекше атап өтті. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында еліміздің үшінші мегаполисі – Шымкент қаласында жүйелі түрде іс-шаралар ұйымдастырылып, нақты нәтижелерге қол жеткізіліп келеді.

Шаһарда заң үстемдігін қамтамасыз етудің басты тетігі – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру десек қателеспейміз. Осы орайда Шымкент қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Халық заңгері» акциясы тұрғындар тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болғанын атап өткен жөн.

Халыққа құқықтық бағытта тегін кеңес беру мақсатында ұйымдастырылған акцияға жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура мен құқық қорғау құрылымдарының өкілдері, адвокаттар, нотариуслар және сот орындаушылары қатысты. Нәтижесінде 97 азаматқа түрлі құқықтық кеңес берілді.

Шара барысында жұртшылықты толғандырған негізгі мәселелер қатарында жер қатынастары, тұрғын үй даулары, инфрақұрылым және еңбек құқығы саласындағы түйткілдер басым болды. Әсіресе еңбек заңнамасының сақталуы, өндірістік жарақаттар мен жалақы қарызы мәселелерінде заңгерлер тарапынан нақты кеңестер ұсынылды.

Бұл бастама құқықтық мемлекеттің іргесін бекемдеуге, халықтың заңға деген сенімін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстың айқын көрінісі.

### «Қауіпсіз жол» және мотопатруль

Құқықтық мәдениетті арттырудың маңызды бөлігі – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету екені рас. Осы бағытта Шымкент қаласында республика көлемінде «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылып отыр.

– Аталған шара барысында патрульдік полиция полкінің қызметкерлері жүргізушілер тарапынан жиі орын алатын заңбұзушылықтарды анықтап, азаматтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қолға алған. Негізгі мақсат – жолдағы апаттардың алдын алу, тәртіпті сақтау арқылы әрбір азаматтың өмірін барынша қорғау, – дейді Шымкент қалалық полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Полиция департаментінің мәліметінше шаһардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қала көшелерінде мотопатрульдер белсенді қызмет атқара бастаған. Мотоциклді полицейлер қозғалыс қарқыны жоғары магистральдарда, кептеліс орындарында және тұрғындар көп жиналатын аумақтарда жедел әрекет етіп, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға айрықша үлес қосып отыр.

Бұл бастамалар құқықтық сананың өсуіне, заңға құрметпен қарауға және құқық

бұзушылыққа нөлдік төзімділік қағидатын орнықтыруға жол ашатыны сөзсіз.

### Жасанды интеллектпен жарқын болашаққа

Мемлекет басшысы жолдауында ерекше мән берілген бағыттардың бірі – цифрлық трансформация. Шымкент қаласында бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып келе жатқанын атап өткен жөн. Жақында өткен арнайы кездесуде жасанды интеллектті қолданудың маңызы кеңінен талқыға түсті.

Маңызды жиынға Шымкент HUB аймақтық бөлім басшысы Құрманғазы Мұратов, «Азия Сервис» компаниясының өкілдері, сондай-ақ сала мамандары және студенттер қатысты. Спикерлер жасанды интеллекттің артықшылықтары мен қауіп-қатерлерін талдап, оны кәсіпкерлік, білім беру және мемлекеттік басқаруда қолданудың жолдарын көрсетті.

Құрманғазы Мұратовтың айтуынша, Шымкент HUB жыл сайын цифрландыру және жаңа технологиялық жобаларды жүзеге асыру бағытында 170-ке жуық іс-шара ұйымдастырады. Олардың қатарында стартап академиясы, ноу-код курстары, хақатондар және тегін оқыту бағдарламалары бар. «Стартап Орда» жобасы аясында жастар екі ай ішінде өз идеяларын толыққанды өнімге айналдыруға мүмкіндік алған.

Соңғы екі жыл ішінде ғана қаланың цифрландыру көрсеткіштері едәуір еселеніп отыр. Мәселен, «Smart City» жобаларының арқасында цифрлық қызметтерді пайдалану деңгейі 55 пайыздан 76 пайызға, ақпараттық технологияларды қолдану көрсеткіші 44 пайыздан 85 пайызға дейін өсті. Бұл – заманауи IT шешімдердің қала тұрғындарының күнделікті өміріне сіңісіп келе жатқанын айғақтайды, – дейді Құрманғазы Мұратов.

Құқықтық мемлекет құру мен цифрландыруды дамыту – өзара сабақтас екі бағыт екені даусыз. Қоғамда заң үстемдігін орнықтыру арқылы азаматтардың құқықтары қорғалса, инновациялық технологияларды енгізу арқылы жаңа мүмкіндіктер ашылады. Шымкент қаласында жүргізіліп жатқан бұл жүйелі жұмыстар әділеттілік қағидаттарына негізделген қауіпсіз қоғам қалыптастыруға, жастардың әлеуетін ашуға және экономиканы жаңа деңгейге көтеруге қызмет етіп келеді. Мемлекет басшысы айқындап берген бұл бағыттар – тек бүгінгі ғана емес, ертеңгі Қазақстанның дамуына жол ашатын стратегиялық басымдықтар екені сөзсіз. Ал олардың табысты жүзеге асуы – әрбір азаматтың заңға құрметпен қарап, жаңа технологияларды игеруге ұмтылуымен тікелей байланысты болмақ...

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ**  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

БАСТАМА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ЖЕТИСУДА «БОЛАШАҚ ПРОКУРОРЛАР КЛУБЫ» АШЫЛДЫ

Талдықорған қаласындағы №30 мектепте «Болашақ прокурорлар клубы» жобасының ашылуы аясында қонақ дәрісі өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Кадр жұмысы департаменті басқармасының бастығы Ернұр Уәли, облыс прокуратурасының басшылығы, білім басқармасы, педагогикалық ұжым және оқушылар қатысты.

Жобаның мақсаты – жас ұрпақтың патриоттық рухын көтеру, құқықтық санасы мен азаматтық жауапкершілігін арттыру, заңға деген құрметін қалыптастыру, сондай-ақ прокурор мамандығына қатысты қажетті мәліметтермен танысу мүмкіндігін беру.

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында алдағы уақытта прокуратура қызметкерлері мен ардагерлерімен кездесулер, құқықтық тақырыптағы диалогтық алаңдар, білім сайыстары, экскурсиялар және басқа да тәрбиелік шаралар өткізу жоспарлануда. Клуб жұмысы сабақтан тыс уақытта мектеп, прокуратура және өзге де мүдделі өкілдердің қатысуымен жүргізіледі.

Клубта прокуратура тарихы, белгілі заңгерлермен көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметі, құқықтанудың өзекті мәселелері, прокурорлардың қадағалау қызметіне қатысты кітаптар мен журналдар қойылған арнайы бұрыш ашылды.

«Болашақ прокурорлар клубы» Жетісу өңірінде алғаш рет ашылып отыр, алдағы уақытта бұл жоба басқа мектептермен бірлесе жүзеге асырылмақ.

Іс-шара барысында болашақ өмірін прокуратура органдарымен байланыстыруды қалаған оқушыларға жақсы білім алу, жоғары оқу орындарында оқуды жалғастырудың маңызы түсіндірілді.

Әсіресе оқушыларға зиянды әдеттерден аулақ болу, адами және имандылық қасиеттерді сақтау, «Адал азамат» және «Таза Қазақстан» қағидаттарын ұстану қажеттігі ерекше атап өтілді.

Іс-шара мазмұнды, қызықты әрі нәтижелі өтті, прокуратура өкілдері оқушыларды толғандырған барлық сұрақтарға жауап берді.

**Жетісу облысы  
прокуратурасының  
баспасөз қызметі**



## «ӘЛЕМДІ БОЛАШАҚҚА ЖАЛҒАУ»

Гонконгте «Connecting the world into the Future» («Әлемді болашаққа жалғау») тақырыбында ІІ Халықаралық жастарды дамыту саммиті өтті.

Халықаралық кездесудің мақсаты – жастар саясаты, технологиялық инновациялар, мәдениет және креативті индустрия саласында тәжірибе алмасу. Саммитке Қазақстан, Сингапур, Жапония, Малайзия, Тайланд, Филиппин, Индонезия және басқа да шетелдік мемлекеттерден келген делегаттар қатысты. Іс-шараға 2 мыңнан астам адам жиналды.

Спикер ретінде жастар саясатына жауапты мемлекеттік қызметкерлер, сондай-ақ бизнес көшбасшылары мен жастар ұйымдарының өкілдері сөз сөйледі. Қазақстан атынан ҚР Мәде-

ниет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов қатысты. Ол өз сөзінде Қазақстан-Қытай қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, екі ел басшыларының өзара сапары ынтымақтастықты нығайтуға зор серпін бергенін айтты.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастар саясатына ерекше көңіл бөледі, өйткені елдің болашағы – жастардың қолында. Мемлекет басшысының жанында Жастар саясаты жөніндегі кеңес жемісті жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар, жастардың Президенттік кадр резерві де бар.

Бұл бастамалар жастардың көшбасшылық қабілеттерін көрсетуге, елдің дамуына үлес қосуына және мемлекеттік әрі қоғамдық басқаруда өз орнын табуға бағытталған», – деді Евгений Кочетов.

Сондай-ақ, Гонконгке сапар аясында қазақстандық делегация Гонконгтің Ішкі істер және жастар мәселелері жөніндегі хатшысымен екіжақты кездесу өткізді. Бұдан бөлек, Hong Kong Arts Development Council басшылығымен келіссөздер жүргізіліп, креативті индустрия саласындағы әріптестікті дамыту мәселелері талқыланды.

**ҚР Мәдениет және  
ақпарат министрлігі  
баспасөз қызметі**

## Баспасөз – 2026

### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

### «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,  
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

## ТАРАТУ

2. «АЛЬТА ЮГ» ЖШС (БСН 230940013427) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Тілендиев көшесі, 225-үй, 5-қабат.

4. «ULTRALAB-S» ЖШС (БСН 210240000654) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 121-үй.

9. «Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы бөлімінің №31 түзету мекемесі жанындағы №10 жалпы білім беретін мектебі» КММ (БСН 031240016556) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 101, тел. 8 (72156)23570

## ӘРТҮРА

7. ҚР ҚМ «Ақтау аудандық пайдалану бөлімі» РММ Маңғыстау облысының Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаменті РММ 17.09.2025 ж. №76-нқ бұйрығына сәйкес 2025 жылғы 1 қазаннан бастап мынадай тарифтер қолданысқа енгізілетінін хабарлайды;

- жылумен жабдықтау қызметтеріне есепке алу аспаптары болмаған кезде халық үшін, тариф 1 м2 үшін 83,32 теңгені құрайды (ҚҚС-сыз);

- ыстық сумен жабдықтау қызметтеріне есепке алу аспаптары болмаған кезде халық үшін, тариф 1 м3 үшін 229,63 теңгені құрайды (ҚҚС-сыз);

- ыстық сумен жабдықтау қызметтерін есепке алу аспаптары болмаған кезде халық үшін, тариф 1 адамға 229,99 теңгені құрайды (ҚҚС-сыз).

3. «Крупный ВКО» ЖШС (БСН 250940004461) «Шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І заңының 27-бабына сәйкес өзінің жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Грейдерная көшесі, 10/1.

5. «НИКЕНТЕCH» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 091240008863), мекенжайы: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 21-үй, қайта құрылу жолымен басқа заңды тұлғаға «AV Building» ЖШС-не (БСН 240540001222), мекенжайы: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 21-үй, 311-офис, қосылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптарын «НИКЕНТЕCH» ЖШС-і хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылдайды: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, М.Горький көшесі, 21-үй, 311-кеңсе. Анықтама телефоны +7 777 155 99 74.

## МҰРАГЕРЛІК

6. 30.03.2025 жылы қайтыс болған Черманова Галиба Бакиевнаның (26.06.1945 ж.т.) артынан мұралық іс ашылды. Ықтимал мұрагерлер немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.У.Елеуоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 142-үй, 47-кеңсе. Ұялы тел. 8 701 762 71 07.

Жамбыл облысы соттарының ұжымы және Судьялар одағының Жамбыл облысы бойынша филиалы Жамбыл облыстық сотының отставкадағы судьясы

**Нурия Ибрагимқызы  
Муратованың**

өмірден өтуіне байланысты, оның отбасының орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**БАЙҚАУҒА**

Түнгі 2 шамасы. Шырт ұйқыда жатқан Абылай дызылдаған ұялы телефонның дыбысынан шошып оянда. Жанындағы жұбайы оянып кетпесін деп телефон дыбысын вибрацияға қоятыны бар. Ол көзін сығырайта ашып телефонына қарады. 5 рет жіберілген қоңырау. «Медғат». Түн ішінде ұлының қоймастан қоңырау шалғанына қарағанда бір жағдай болғаны анық. Ол ақырын орнынан тұрып, келесі бөлмеге барды. Ол тұтқаны бірден көтерді.

- Ало, әке, тез келші өтініш.
- Не болды, тыныштық па?
- Келген соң барлығын түсіндіремін. (дауысы дірілдеп)
- Қайдасың?
- Мекенжайды телефонға жібердім.

Әке, анашыма ештеңе айтпаңыз. Абылай киімдерін алып, ұйықтап жатқан жары ештеңе сезіп қалмасын деп есікті ақырын жауып, көлігіне қарай беттеді.

Қайсенов Абылай Әзімханұлы. Қалалық ішкі істер департаментінің тергеу басқармасының басшысы, полковник. Отбасылы, 2 ұл, 1 қызы бар. Жары Айша емханада дәрігер. Үлгілі отбасы. Қайсеновтің өзі – кәсіби маман.

Ұлының түн ішіндегі қоңырауы оны тым алаңдатып жібергендей. Қаладан отыз шақырым жерге көлігімен құстай ұшты. Қараңғыда жол тым алыстап кеткендей, жеткізер емес. Әртүрлі ойлар санасына кіріп маза бермеді. Баласының дауысынан-ақ әлденеге ұшырағаны сезіледі.

Қала сыртындағы адам көзінен тасада бірнеше үй орналасқан жерге де келіп жетті. Жабық шлагбаумға тірелді, белгі бергенімен, ешкім ашпаған соң көлігін қалдырып, айналып өтуге тура келді. Ол жаяу жарық жанып тұрған үйге қарай беттеді.

Бір бөлмеде жиналған жастар. Бойларын үрей билеген, Абылайды көріп орындарынан үрпиісіп тұрды.

– Әке, – деп Медғат әкесін көріп атып тұрды.

– Мұнда не боп жатыр?

Шамамен 20-23 жас аралығындағы қыз-жігіттер. Үш қыз бала, Медғатты қосқанда төрт жігіт. Абылай бөлмедегілерге көз жүгіртті.

– Медғат, айтсаңшы, – деді арасынан біреуі.

Әкесі баласына қарады.

– Әке, менімен бірге жүріңіз.

Отырғандар орындарынан топырлай тұрып, әкесі мен баласының соңынан ерді. Жатақхана секілді созылған дәліздің екі жағында орналасқан бөлмелер. Түпкі бөлмеге келгенде Медғат ақырын есікті ашты. Ары қарай тергеушінің өзі кірді. Жер түгел қанға боялған, шалқасынан жатқан жас жігіт, кеудесіне қадалан пышақ. Сырттан бақылап тұрған қыздардың бірі дауыстай жылады, бірі лоқсып далаға қашты. Абылай мәйіттің жанына жақындап, тамырын басты. Жүрегі соқпайды.

– Полицияға хабарладыңдарма?

– Жоқ, әке, мен алдымен...

Абылай ұлының жанына келіп, көздеріне қарады.

– Маған не болғанын айт. Тек ештеңе жасырма.

– Біз IT мамандығы бойынша оқитын студенттер бірігіп, табиғат асына демалыс ұйымдастырған едік. Арасында жоғары курс студенттері бар. Сағат 20.00-де осы жерге жиналдык.

Ешқандай артық адам болған жоқ, қала сыртында орналасқан тыныш жер. Барлығы ойдағыдай басталды, ойындар, сауық-сайран. Біз осы жерде түнейміз деп келген соң, ұйқыға жатуға асықпадық. Тек Диляра шаршап тұрмын деп бөлмесіне кетті. Түнгі 00.00 шамасында біз «Қараңғыдан қорқасың ба?» деп аталатын ойынды ойнаймыз деп шештік.

Айнала қара түнек, жарықтың барлығы өшіріледі. Бір адам іздейді, қалғанымыз жасырынамыз. Қолға түскен адам шарт орындауы қажет. Ойын басталды. Барлығы бастапқыда ойдағыдай, өте қызық болды. Іздейтін кезек Анарға келді. Барлығымыз бөлмелерге жасырындық. Жиырма минут ол ешқайсысымызды таба алмаған соң, ойынды тоқтататынын айтты. Бірақ оның бұл тілегіне ешкім құлақ аспаған соң, ол жарықты жағамын деп ескертті. Алайда жарық қосылмады.

Кейін ас үй жақтан шыңғырды да-

уыс естідік. Барлығымыз дереу дауыс шыққан жаққа қарай жеттік. Жарық қосылмаған соң ұялы телефон жарығын қосқанда алдымен қанға малынған Анарды, кейін жанындағы Еркіннің денесін көріп қатты шошыдық. Жарықтың қалай сөнгені бізге әлі белгісіз. Біз автоматты қосып, жарықты жаққан кезде Еркіннің өлі денесін анық көрдік, оны біреу өлтірген, – деп Медғат соңғы сөзін булығы айтты.

Әңгімені тыңдап тұрған жастардың көзінен үрей байқалады. Ұлын әке ретінде жұбатқысы келгенімен, тергеуші кәсіби шеберлігінен аспай

ласқан емеспін, – деп бастады жігіт әңгімесін. – Оның үстіне мен оны өлтіретіндей арамзда кикілжің де болмады, былайша айтқанда, менде оны өлтіруге себеп жоқ.

– Егер араларыңда кикілжің болмаса сенің ойыңша кім оған қастық ойлауы мүмкін? – деді тергеуші.

– Дилярамен қатты ренжіскен еді, ол ойыңға қатыспаймын деп бөлмесіне кетті. Мүмкін ол реніштен солай жасаған шығар...

– Сенің ойыңша Диляра реніштен адам өлтіруі мүмкін бе?

– Жоқ, бірақ қызғаныштан адам не

қандай келіспеушілік болды, екеуі не үшін араздаты?

Әсет тергеушіге ойлана қарады, айтарын, не айтпасын білмеді.

– Медғаттың кінәсі жоқ, Еркіннің өзі... – деп сасқалақтады жігіт.

– Еркін осы жерге көп мөлшерде шөп (анаша) әкелген болатын. Мұны көрген Медғат бұған қарсы екенін білдірді. Ал Еркін болса оны «Әкеңе тоқылдап жібер» деп кекетті. Даудың арты төбелеске ұласты. Кейін барлығы шешілді.

– Тек осы үшін бе? – деді тергеуші күмәндана қарап.

– Иә...

резеден полицейлердің көліктерін байқады. Ол қалай болғанда да қылмыскердің кім екенін анықтау керек.

Бір бөлмеде жиналған жастар шешімдерін күткендей алаңдай қарайды. Абылай барлығына көз жүгіртті.

– Берген көрсеткіштеріңіз тергеу жұмысына ешқандай әсерін тигізбеді. Адам өлімі болды, қылмыскер орталарында отыр, ал сендер жасырасыңдар, өтірік айтасыңдар. Бұл өлім топтық қылмысқа жатады, 31-бап бойынша жаза қатаң болады. Болашақтарыңа балта шабасыңдар, әке-шешелеріңді жылатқандарың былай тұрсын, түрмеде

**Түн сақтаған құпия**



салқынқанды болуға тырысты. Ұялы телефонын алып әлдекімге қоңырау шалды. «Тез жетіңдер, қылмыс болды. Иә, барлығына хабарла».

– Әке, полиция келсе бізді тұтқыңға алады емес пе? – деді Медғат.

– Кінәсіз адамды ешкім тұтқындамайды. Қане, менімен бірге жүріңдер.

Полиция жеткенше Абылай не болғанын білуі қажет. Қылмыскер араларында отыр, жастардың әлдене жасыратыны анық.

Қаза болған Ерік Сариев, достары оны Магнат деп атайды. Қаладағы белгілі бизнесмен Ержан Сариевпен тегі бір. IT мамандығы бойынша төртінші курс студенті. Мінезі тым ауыр, кикілжіңге жиі келеді, әйтсе де жаңашылдыққа жаны құмар, жаңа идеяларды ойлап табудың шебері. Оның өлімі кімге керек болды, жастардың соншалықты қатыгездікке баруына не себеп болды?

Абылай Медғатқа толық сенеді, оның ұлы мұндай жауыздыққа бармайды деген сенімде. Жұмбақ қылмыстың түйіні толықтай шешілу үшін тергеуші істі өз қолына алмақшы.

Отыз минуттан соң оқиға орнына полиция да жетті. Қылмыс болған жер қоршалып, мәйіт экспертизаға жіберілді.

Абылайдың көмекшісі, майор Исмаилов оқиға орнын түгел тексеріп, сыртқы үйде күзетшінің бар екендігін анықтады. Ішімдікке сылқия тойған оны, ұйқысынан ояту оңай болмады. Күзетшіге арақ беру – бұл да жастардың ісі.

– Жастарды бөлмешеге апарып, тергеуді жалғастыру қажет. Оның үстіне Сариевтің отбасына да ескерту керек. – Мен тергеуді осы жерде жүргіземін, ешкім ешқайда кетпейді. Барлығын өз жауапкершілігіме аламын.

– Бірақ..

– Ешқандай бірақ жоқ, маған таңға дейін уақыт бер.

– Құп болады!

Мәйіттің кеудесіне қадаланған – ас үй пышағы. Пышақты осы жердегілердің барлығы пайдаланғандарын айтты, яғни, суық қаруда әрқайсысының сауық іздері бар.

Қылмыскер пышақты кеуде тұсына екі рет сұғып, үшіншісін жүрек тұсына қадаған. Таңғы сағат 4 шамасы. Шамадан тыс адреналиннен ешкімнің ұйқыға зауқы жоқ. Тергеуші оқиғаға қатысты жастармен жеке-жеке сөйлесуді ұйғарды. Жауап алуды топтың старостасы Әлішерден бастады.

– Мен Еркінмен қатты жақын ара-

істегенін білмей қалуы мүмкін ғой. Еркіннің Еркеназға көңіл білдіріп отырғанына барлығы куә.

Абылай келесі күдікті Диляраны шақырды. Тым ұстамды, ойын сыртқа білдірмейтін, көп сөйлемейтін түйық қыз. Тергеушінің қойған сұрақтарына жауап беріп, тергеу жұмысына көмегі тиетіндей артық ақпарат айтпады.

Ол Еркінмен бір жыл уақыт достасып, соңғы уақытта аралары суып кеткендігін айтты. Ешқандай реніштің жоқ екендігін, бұған дейін ара-қатынастары үзілгенін де жасырмады. Қылмыс болған жерге бармағандығын айтқан қыз: «Басым ауырып ерте ұйықтадым», – деп тергеушінің қойған сұрақтарына қысқаша жауап беріп отырды.

– Басқаларына қарағанда Еркінді сен жақсы білетін шығарсың, кімнен күдіктенесің? – деді тергеуші.

Диляра ұзақ ойланбастан: «Бәрінен», – деп жауап берді. – Еркінді ешкім ұнатпайтын. Әркімнің өз есебі бар..

– Жұмбақтамай айтсаң.

– Сіздің ұлыңыз Медғат пен Еркін екеуінің арасында үлкен түсінбеушілік болды, тіптен бір-бірімен төбелесіп те қалды. Осы кеш екеуін татуластыруға арналған еді, енді осындай жағдай.

Абылайдың жүрегі шым ете қалғандай, әйтсе де ол ештеңе білдіргісі келмеді. Алдында тұрған стақан суды сіміріп салды да, келесі күдіктіні шақырды.

Әсет – Медғаттың жан досы, екеуі мектеп кезінен дос. Абылай оны өзінің баласындай жақсы көреді. Көздерінде қорқыныш, Әсет тергеушінің алдына келгенде досының әкесін емес, басқа адамды көргендей күйде қалды.

– Әсетжан, – деді Абылай сабырлы үнмен. Тек шыныңды айт, ештеңе жасырмағаның жөн.

– Түсіндім, – деді жігіт дауысы дірілдей.

– Кеш көңілді басталды, ойын-сауық, күлкі. Барлығымыз ішімдік іштік. Еркін қатты қызып, әрқайсысымыздың намысымызға тиетін сөздер айтты. Оның ішінде Медғатқа да тиді, алайда досым ұстамдылық танытып, артық кетпеді. Ойын басталардың алдында Еркін ас үйге барып, бір өзі виски ішіп отырған, біз оны ортаға әкеп қайта қосуға тырысқанымызбен, ол көнбей қойған соң жөніне қалдырдық. Оны кім, не үшін өлтіргеніне миым жетпейді, – деп Әсет терең күрсінді.

– Еркін мен Медғаттың арасында

Тергеуші үнсіз терең ойға шомды. Ақиқат әлде заң. Ұлы немесе қызмет. Егер ол нағыз қылмыскердің кім екенін таппаса, кінә кімге артылмақ?

Бөлмеге сызыла кірген қыз бала қолындағы кофені тергеушіге ұсынды.

– Сізге әкелдім, жаңа демделген.

– Рақмет. Сіз Еркеназсыз ғой?

– Иә, мен Медғатпен бірге оқимын. Ол оны өлтірген жоқ.

– Неге олай дейсің? – деді тергеуші қызға қарап.

– Ол сіздің ұлыңыз, ал сіз ұлыңызды түрмеге тықпасаңыз анық. Сол себепті барлығы кінәні Медғатқа ысырып жатқанын білемін. Алайда сіз мықты тергеушісіз, Медғат сізді үнемі айтып жүреді. Сондықтан сіз нағыз қылмыскерді тауып, ұлыңыздың кінәсіз екенін дәлелдейсіз.

Бұл сөздерден кейін Абылай не айтарын, не ойларын білмеді. Медғаттың бұл өлімге расымен қатысы болғаны ма? Үнемі қызмет деп, баласына дұрыс тәрбие бере алмағаны ма? Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Абылай ұлына сенеді және оның кінәсіз екендігін дәлелдейді. Қылмысты ашады.

– Сенің ойыңша Еркінді өлтірген кім?

– Диляра, – деді қыз ойланбастан.

– Ол Еркіннің маған көңіл білдіргенін көтере алмай, қатты қызғанды. Оның үстіне оның қаратқандарына қара бөлбеуі де бар, күші келеді, ептілікпен пышақты да қадай алады.

Соңғы күгер – Анар. Мәйітті алғаш тапқан да сол. Қыз алған әсерінен әлі шыға алмағандай, тоңған балапандай діріл қағады.

– 1, 2, 3, 4, 5 – мен іздеуге шықтым. Табылсаң аямаймын, қолыма түспеуге тырыс, – деген сөздерден соң мен іздеуге шықтым. Қараңғы дәліз, бөлмелер де қараңғы. Ойын шарты бойынша бір бөлмеге екі адам жасырынуға болмайды.

Ойынға қатыспаған Диляра, сонан соң Еркіннің ас үйге кеткенін білемін. Олардың қайда жасырылғанын мен түсіне алмадым, себебі үш бөлмеден де мен жасырылған ешкімді таппадым. Ойыма Диляраның бөлмесі келді, мүмкін біреуі сонда жасырылған болар, бірақ ол да бөлмесінде болмай шықты. Мен бірден ас үйге баруды ұйғардым. Тым болмағанда ол жерде Еркіннің бар екеніне сенімді едім. Оны дауыстап шақырдым, бірақ ешкім жауап бермеді. Әлдекімнің жүрген дыбысын да естідім. Кенет жерге аяғым тайып құлағаным сол, жанымда адам жатқанын сездім. Қорыққанымнан айғайлай бердім. Оны өлтірген адам сол жерде болғаны анық, мен оны сездім. Ол мені де өлтіруі мүмкін еді, – деп қыз көз жасына ерік берді.

– Сен ең маңызды күгерсің. Мүмкін тағы байқаған, естігенің болса есіңе түсер.

Анар терең күрсініп, сол оқиғаны қайта елестеткендей көзін жұмды.

– Мен ас үйге жақындаған кезде әлдекімдердің алысқан дауысы естіді. Екі адамның бірі сүріне құлап, әйнек тәрізді зат жылу батареясына соғылды. Иә, мен ол дыбысты анық естідім, бір зат сынды. Басқа ештеңе есіме түсер емес, – деді қыз жыламсырай.

Арада үнсіздік орнады. Арайлап атқан күннің сәулесі терезеден сығалап бастады. Үнсіздікті Абылайдың шыр еткен ұялы телефоны бұзды. «Айша». Ол не жауап беремін дегендей тұтқаға ұзақ телмірді де, дауысын өзгертіп қоя берді. «Иә, сүйіктім, алаңдама, жұмыс қой, сені оятықым келмеді. Медғат, иә хабарласқан, алаңдама».

Ол телефонына қарап күрсінді. Те-

неше жыл отыратындарыңды білесіңдер ме? – деді тергеуші. Ол айғайламады, бірақ оның зілді үні сондай ызғарлы еді. Отырғандардың әрқайсысы үнсіз бір-біріне қарады.

– Полиция келді, мен енді сендерді құтқара алмаймын, заң алдында жауап бересіңдер.

– Бірақ біздің кінәміз жоқ қой, не үшін жауап береміз?

– Иә, сіз тергеушісіз, кінәлі адамды табыңыз.

– Барлықтарыңыз бөлмешеге жүріңіздер, сол жерде мүмкін басқаша сайрайтын боларсыңдар, – деді Абылай.

Сараптама нәтижесі бойынша пышақ Сариевтің жүрек тұсына және екі рет өкпеге сұғылғанын, сондай-ақ ас үй пышағында осы жердегі барлығының сауық іздерінің бар екендігі анықталды.

– Полковник мырза, тергеу жұмыстарының нәтижесі қалай боп жатыр, бас күдікті анықталды ма?

– Анықтаймыз майор, анықтаймыз. Маған ойлануға мүмкіндік бер. Мүмкін бөлмешеден шынықтырып айтар деген үміттемін, – деді көңіл-күйі түскен Қайсенов.

Әлішер, Диляра, Әсет, Еркеназ, Анар және Медғат. Барлығы бір бөлмеде білім алады, Сариев 4-курс студенті.

Қылмыс алдын ала жоспарланып, алдын ала ойластырылғаны анық. Қаланың шетінде орналасқан демалыс орны, видеокамера жоқ, жалғыз ғана күзетші. Оны да араққа тойғызып ұйықтатып тастағанға ұқсайды. Күзетші демекші, Исмаилов, күзетшіден жауап алу қажет, – деді тергеуші есіне әлдене түскендей.

– Ол ештеңе білмейді, жастар көлігімен кірді, барлығының өту билеттері бар, демалысқа келген адамдарды мазалап керегі не, – дейді. – Бірақ, өзіңіз бір сөйлесіп көргеніңіз жөн.

– Жақсы, осында болсын, ешкім ешқайда кетпейді.

Жастар шаршағанға ұқсайды, әсіресе қыз балалар мазасызданып, үйлеріне кетуге асықты.

– Ешкім ешқайда кетпейді, керек десеңдер барлықтарың күдікті ретінде қамауға алынасыңдар.

– Біз не үшін жауап беруіміз керек, кімнің өлтіргені онысы да анық емес пе? – деді Диляра.

– Сен кімді меңзеп отырсың, мүмкін оны өлтірген өзін шығар, – деді Әсет.

Жастар өзара дауласып, бір-біріне кінә арта бастады.

– Тоқтатыңдар! Бұл сендерге дауласатын жер емес. Орталарыңда адам өлді, ал сендер бір-біріңді кінәлап отырсыңдар. Ақымақтар.

Барлығы үнсіз қалды.

Абылай кабинетіне барып, алдында тұрған құжаттарды ақтара бастады. Ол ер студенттің өмірбаянын жіті тексерді. Тығырыққа тірелгендей. Ұялы телефоны қайта шырылдады, жан жары алаңдап іздеп жатты. Ол тұтқаны көтергенімен, шындығын айтуға батылы бармады. «Жиналыстамын. Хабарласамын» деген хабарламамен құтылды. «Медғат телефонға жауап бермейді, хабарластың ба?» «Барлығы дұрыс, ол менің жанымда...».

Күдіктің басым бөлігі Медғат пен Диляраға түсті. Қалғандарында Сариевті өлтіретіндей себеп жоқ.

Қызғаныш пен ер адамдардың арасындағы төбелес өмірмен есеп айырысу деген сөз емес. Әйтсе де тергеуші қылмысты бір жақты қарауға асықпады.

Екінші айналым тергеу барысында жіберіп алған бөлшектерді құрастыру қажет.

**Бақыт ЖАЛИЕВА**  
(Жалғасы бар)